

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2020-2021 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 16 шілдедегі № 271 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 шілдеде № 7311 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабының 2-тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13418 тіркелген бұйрығына сәйкес, Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2020-2021 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

О. Уразалин

2020 жылғы 16 шілдесі № 271 Ақтөбеоблысы
әкімдігінің қаулысына қосымша

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2020-2021 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы әкімдігінің 19.10.2020 № 373 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

--	--	--	--	--

№	Білім беру саласының коды және сыныпталуы	Жоғары білім берудің даярлау бағытының коды және атауы	2020-2021 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырыс көлемі	Оқу жылына 1 студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге) / 1 студентті оқытуға жұмсалатын 1 (бір) кредиттің шығысы (теңге)	
1	2	3	4	5	
				Ұлттық жоғары білім беру ұйымдарында	Басқа жоғары білім беру ұйымдарында
1	6 В 0 1 Педагогикалық ғылымдар	6В013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	0		0 /0
		6 В 0 1 5 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	31		9 0 1 , 0 /15 017
		6В017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	10		9 0 1 , 0 /15 017
2	6В02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6В021 Өнер	2	888	
		6В022 Гуманитарлық ғылымдар	5		9 2 2 , 5 /15 375
3	6 В 0 3 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	6В032 Журналистика және ақпарат	2		7 1 4 , 9 /11 915
4	6 В 0 7 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6В073 Сәулет және құрылыс	2		9 2 0 , 5 /15 342
5	6В08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6В081 Агрономия	3	8 2 6 , 9 /13 782	
		6В083 Орман шаруашылығы	1		7 4 2 , 7 /12 378
		6В084 Балық шаруашылығы	0		0/0
		6В086 Су ресурстары және суды пайдалану	1	8 2 6 , 9 /13 782	
		6 В 0 8 7 Агроинженерия	0		0/0
6	6 В 0 9 Ветеринария	6В091 Ветеринария	3		7 4 2 , 7 /12 378
7	7R09 Денсаулық сақтау (медицина)		18		815,5
	Барлығы		78		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК